

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
19.02.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 19.02.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-қонушылардың Өзбекстан Республикасындағы және Өзбекстан Республикасының азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-қонушылардың Қазақстан Республикасындағы еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Бидайбекұлы Нұрымбетов мырзаға беріледі.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Үкіметтері арасындағы еңбекші көшіп-қонушылар мәселесіне қатысты келісімді ратификациялау туралы заң жобасы енгізіліп отыр.

Келісімге 2019 жылы 15 сәуірде Ташкент қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекеттік сапары барысында екі елдің министрлері қол қойған болатын.

Келісімнің мақсаттары – тараптар мемлекеттерінде көші-қон ағындарын реттеу және заңсыз еңбек қызметін болдырмау жөніндегі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Келісімді ратификациялау екі елдің арасындағы еңбек көші-қоны процестерін реттеу саласындағы ынтымақтастықтың нығаюына ықпал етеді деп сенеміз.

Ратификация сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер енгізуді талап етпейді.

Келісімнің күші екі ел арасындағы барлық еңбекші көшіп-қонушыларға қолданылады және олардың қызметімен құқықтарын қорғау мәселелерін реттейді. Сондай-ақ келісімде уәкілетті мемлекеттік органдары белгіленген.

Келісімде өзара қарым-қатынастар бойынша ұлттық заңнаманың басымдығы реттелген және қызметкерлердің (жұмысшылардың) базалық

кепілдіктері бекітілген – бұл еңбек демалысына, жіті аурулар кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға, еңбекақы төлеу туралы, қабылдаушы мемлекеттің аумағында болған кезеңдегі еңбек қызметінің сипаты мен ұзақтығы туралы мәліметтерді растайтын құжат алу құқықтары.

Еңбекті қорғау мәселесінде еңбек міндеттерін орындауына байланысты қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда оған қатысты қарастырған көмек шығындарын өтеу жұмыс берушіге міндеттелген.

Біліктілікті растау жөнінде екі елдің азаматтары үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында білім туралы құжаттар негізінде қабылдаушы мемлекеттің заңнамасында белгіленген тану рәсімдерін өткізбей танылады.

Сондай-ақ қызметкерлерге еңбек шарты бұзылған кезде болу мерзімі аяқталғанға дейін қабылдаушы елдің аумағынан кетуіне қойылатын талаптар бар.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің лингвистикалық сараптамасының нәтижелері бойынша келісімнің кіріспесінің мәтініне және мемлекеттік тілдегі атауына қатысты Қазақстан тарапының ұсынысына келісім беру туралы Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ноталары бар. Осы ноталар келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы келісімді ратификациялау республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарға, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де құқықтық салдарға алып келмейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлына беріледі.

ЖАБАҒИЕВ Қ.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Құрметті Біржан Бидайбекұлы! Өткен 2019 жылы 500 мыңнан аса еңбекші көшіп-қонушылар Қазақстанда жұмыс істеген. Оның 94 пайызы Өзбекстан Республикасынан келген. Осы еңбекші көшіп-қонушылар өз қызметін қайда, қандай салаларда жүзеге асыруда? Отандық еңбек нарығындағы жағдайды талдау үшін мониторинг жүргізіле ме? Рақмет.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Рақмет.

Құрметті депутаттар, бізде шетелдік жұмыс күшін тартудың екі түрі бар. Кейбір азаматтар компания, мекемелерде жұмыс істесе, жаңа Сіздің айтқан азаматтар Қазақстандағы жеке тұлғаларда жұмыс істейді, яғни оларды Қазақстанның азаматтары жалдайды. Бұл жұмысты Ішкі істер министрлігі жүргізеді, рұқсаттама береді, көші-қондық есепті қамтамасыз етеді, дактилоскопиясын, суреттерін түсіреді. Және ол азаматтар екі айлық есептік көрсеткіш көлемінде салық төлейді.

Біз мәлімет алмасып отырамыз. Соңғы мәлімет бойынша былтырғы жылы 414 мың рұқсаттама берілген, оның ішінде 117-сінің мерзімі ұзартылған, себебі рұқсаттама бір, екі, үш айға беріледі. Оның ішінде 95 пайызы (394 мың) Өзбекстан азаматтары.

Олардың қай салада жұмыс істейтіні жөнінде. Бұл жерде сала емес, жұмыстың түріне бөлінеді. 82 пайызы құрылысқа қатысты, яғни үй, пәтер жөндеумен айналысатын азаматтар. 9 пайызы үй жұмысшылар, яғни күтушілер, тәрбиешілер. 6 пайызы баушылар, яғни үй алаңында жұмыс істейтіндер. 2 пайызы аспазшылар.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Клименко Иван Ивановичқа беріледі.

КЛИМЕНКО И.И. Рақмет, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства здравоохранения.

Статьей 9 соглашения предусматривается право трудящихся-мигрантов на получение гарантированного объема бесплатной медицинской помощи при острых заболеваниях и заболеваниях, представляющих опасность для окружающих. Вместе с тем, как известно, с 1 января 2020 года в Казахстане внедряется система обязательного медицинского страхования, что позволяет существенно расширить пакет медицинских услуг для населения. Каждый работодатель обязан платить взносы в Фонд обязательного медицинского страхования.

В этой связи скажите, пожалуйста, будут ли трудящиеся-мигранты получать, кроме гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, что закреплено в соглашении, более расширенный пакет медицинских услуг в рамках ОСМС? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Лязат Мейрашевна Актаева.

АҚТАЕВА Л.М. Уважаемый Иван Иванович! Согласно Закону «Об обязательном социальном медицинском страховании» плательщиками взносов не являются иностранцы и лица без гражданства, временно пребывающие на территории государства. Поэтому медицинская помощь в рамках страхового пакета им не будет оказываться, но наряду с гарантированным объемом бесплатной медицинской помощи, который будет оказываться при заболеваниях, представляющих угрозу для окружающих, а также при острых заболеваниях (травмы, несчастные случаи, отравления, роды), медицинская помощь может оказываться в рамках добровольного медицинского страхования, для чего необходимо иметь медицинскую страховку. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашы мен Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған келісімнің 5-бабы 3-тармағына сәйкес тараптардың құзыретті органдары тараптар мемлекеттерінің заңнамаларындағы өзгерістер

туралы бір-бірін алдын ала хабардар етеді. Осыған байланысты Сыртқы істер министрлігіне сұрағым бар.

Тараптардың уактылы хабарламау салдарынан еңбекші көшіп-қонушылардың заңнаманы бұзуы немесе оларға қатысты бұзу фактілері туындаған жағдайлар болды ма?

Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы еңбекші көшіп-қонушылардың еңбек қатынастарын реттеудегі жиі кездесетін проблемалы мәселелердің бірі – еңбекші көшіп-қонушыларына жалақы төлеу бойынша еңбек шарттарының талаптарын бұзу.

Біржан Бидайбекұлы! Еңбекші көшіп-қонушыларды жалақы төлемейтін адалсыз жұмыс берушілерден қорғау тетігі бар ма? Және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы бағытта қандай жұмыс атқаруда?

ТӨРАҒА. Рақмет.

Марат Зеникенұлы, Сізден бастайық, содан кейін Біржан Бидайбекұлына сөз береміз.

СЫЗДЫҚОВ М.З. В нашей практике по дипломатическим каналам каких-либо заявлений не поступало. В случае поступления, естественно, мы эти заявления и претензии оперативно переправляем в соответствующие государственные органы.

ТӨРАҒА. Понятно.

Біржан Бидайбекұлы.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Еңбекші көшіп-қонушыларға жалақы төлеу бойынша заң бұзушылық жөнінде. Келісім бойынша бізде жұмыс істеп жүрген азаматтардың барлығына еліміздің Еңбек кодексі қарастырылған. Егер еңбек заңнамасы бұзылып жатса, оның ішінде жалақы төленбей жатса, онда қолданыстағы Еңбек кодексіндегі талаптар бойынша әрекеттер қолданылады. Арыз-шағымдар түсіп жатса, еңбек инспекциясы тексеріп, оған тиісті шаралар қолданады және оған жауапкершілігі қарастырылған.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства внутренних дел.

Уважаемый Марат Шадетханович! Согласно статье 7 соглашения въезд, выезд и пребывание трудящихся-мигрантов на территории принимающего государства осуществляются в соответствии с его законодательством и международными договорами. При этом данное соглашение не раскрывает миграционный режим граждан, пребывающих на территории договаривающихся сторон в рамках трудовой деятельности. Вместе с тем, в Казахстане отменена временная регистрация всех категорий иностранцев, въезжающих в страну на срок не более одного месяца.

На практике может сложиться такая ситуация, когда гражданин Узбекистана прибывает без указания цели в Казахстан, в течение месяца успевает поработать и выехать. В отношении такой трудовой деятельности

никакого учета и контроля со стороны компетентных органов не осуществляется.

В связи с этим у меня вопрос: скажите, какие меры по предотвращению незаконной трудовой миграции предпринимаются в нашей стране, а также как осуществляется выявление реальной ситуации с трудовой миграцией, в том числе в отношении регионов? Ведь если это соглашение будет ратифицировано, то предусматривается, что государства будут регулировать трудовые потоки и предотвращать незаконную трудовую миграцию. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Марат Шадетханович.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Сұрағыңызға үлкен рақмет.

В целом работа по контролю за незаконной миграцией, в том числе и трудовой, у нас начинается практически с пересечения Государственной границы.

Что касается Узбекистана, то при пересечении Государственной границы мы организовали раздачу памяток с разъяснением требований нашего миграционного законодательства, а также ответственности за нарушения миграционного и другого законодательства Республики Казахстан.

Кроме того, информационная система Комитета миграционной полиции интегрирована с информационной системой Пограничной службы «Беркут», где ведется учет по целям прибытия, срокам нахождения в принимающей стороне, что в дальнейшем позволяет нам мониторить миграционную ситуацию.

Кроме того, с Узбекистаном у нас подписано три соглашения (одно сейчас находится как раз на ратификации в Парламенте), где предусматривается полный обмен информацией о гражданах, пересекающих границу, целях, каналах миграции и так далее, что также нам облегчает работу.

На законодательном уровне отрегулирована ответственность таких граждан, которые заявили одну цель, при этом после въезда использовали какие-то лазейки, трудоустроились и так далее. Эта ответственность предусмотрена в Кодексе Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Кроме того, предусмотрена ответственность и работодателя за привлечение незаконных мигрантов к трудовой деятельности, а при повторных, то есть неоднократных, нарушениях предусмотрена даже уголовная ответственность.

В части контроля. В течение года неоднократно проводятся оперативно-розыскные и профилактические мероприятия «Мигрант», «Нелегал», «Правопорядок», в ходе которых наши специализированные подразделения (в каждой области у нас есть специальные взводы по контролю за незаконной миграцией) осуществляют выявление таких фактов. Статистика показывает, что такие факты, о которых Вы говорите, имеют место.

На региональном уровне мы ведем паспорта всех субъектов, юридических лиц, которые привлекают иностранную рабочую силу, и знаем, сколько иностранных рабочих у них находится и так далее.

Для того чтобы все-таки стимулировать законную трудовую деятельность, во всех областях открыты 17 миграционных пунктов, где в рамках разъяснительной работы и «одного окна» выдаются разрешения на трудовую деятельность.

То есть в нашей стране сейчас делается все для того, чтобы не допустить серых схем использования трудовой миграции.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства образования и науки.

Согласно статье 39 Закона «Об образовании», на территории Казахстана подлежат нострификации все документы об образовании, выданные зарубежными организациями образования. Прохождение данной процедуры не требуется лишь для лиц из стран, с которыми Казахстан заключил международные договоры, и для выпускников международной стипендии «Болашак».

Рассматриваемое же соглашение освобождает от нострификации документы об образовании по всем специальностям, за исключением педагогических, медицинских и фармацевтических.

В этой связи скажите, пожалуйста, с какой целью были освобождены от нострификации указанные специальности, а также кто будет осуществлять контроль за работодателями по соблюдению указанной нормы, к примеру, в частных школах, поликлиниках и аптеках?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Биржан Бидайбекович, потом Министерство образования и науки.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Наверное, Министерство образования и науки ответит.

ТӨРАҒА. Вам нечего здесь добавить?

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Нет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Бибигуль Амангельдиновна.

АСЫЛОВА Б.А. Уважаемая Джамия Нусупжановна! Действительно, для того, чтобы упростить процедуру привлечения к трудовой деятельности в рамках данного соглашения предусматривается освобождение от процедуры нострификации. Данные нормы были включены по аналогии с Договором о ЕАЭС и в первую очередь связаны с тем, что в рамках трудового законодательства и Закона «Об образовании» с 2021 года уполномоченным органом в сфере труда совместно с Министерством образования и науки будет разработан перечень регулируемых профессий и те, кто войдет в данный перечень, должны будут подтвердить свою квалификацию путем соответствующей сертификации. Поэтому ряд профессий был исключен из процедуры нострификации.

Что касается контроля за работой, то по лицензируемым организациям образования и здравоохранения вопросов нет, так как существуют процедуры

предлицензионного контроля и профконтроля. У нас есть вопросы по частным дошкольным организациям образования.

В конце прошлого года мы утвердили Государственную программу образования, в рамках которой предполагаем поэтапное внедрение лицензирования организаций образования. Учитывая, что в настоящее время существует мораторий на проверки, особенно нелицензируемых организаций (в частности, это дошкольные организации), у нас имеются вопросы. Через процедуру лицензирования мы все-таки планируем пересмотреть подходы.

ТӨРАҒА. Понятно.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Біржан Бидайбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 7 қазандағы №737 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Мемлекет басшысы алға қойған маңызды міндеттердің бірі – көші-қон ағындарын реттеу және шетелдік жұмысшылардың заңсыз жұмысының алдын алу болып табылады.

Қарастырылып отырған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-қонушылардың Өзбекстан Республикасындағы және Өзбекстан Республикасының азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-қонушылардың Қазақстан Республикасындағы еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы еңбек көші-қоны процесін жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен бірге екі мемлекеттің еңбекші-мигранттарының құқықтарын қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз жасайды.

Осы келісімнің мақсаты еңбек көші-қоны процесін реттеу және жұмыс күшінің қозғалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Келісімде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Өзбекстан Республикасы Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары министрлігі арасындағы азаматтарды Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының аумағында жұмысқа орналастыру туралы, оның ішінде Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы азаматтары үшін қолжетімді бос жұмыс орындары туралы өзара іс-қимыл және тиісті ақпарат алмасу қарастырылған.

Келісім екі елдің азаматтарына еңбек қызметіне қатысты артықшылықтар бермейді және шетелдік жұмыс күшін тарту жүйесіне әсер етпейді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің баяндамасында заң жобасының негізгі тұжырымдамалық аспектілері атап өтілді.

Жұмыс тобының атқарған жұмыстары туралы қысқаша мәліметті атап өтетін болсам, мүдделі мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылды.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің түпнұсқалығы бөлігінде заң жобасының «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы нормаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар енгізді.

Сонымен қатар заң жобасының қазақ тіліндегі тақырыбын «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өзбекстан Республикасының азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-қонушылардың Қазақстан Республикасындағы және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-қонушылардың Өзбекстан Республикасындағы еңбек қызметі және құқықтарын қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» деп өзгерту жөнінде түзету енгізілді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Құрметті әріптестер! Заң жобасындағы жұмыс ең алдымен екі елдің еңбекші-мигранттарының қорғалуын қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнаманы бекіту мақсатында жүргізілгенін ескере отырып мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнің де қолдауларын сұраймын.

Назар аударғандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Фахриддин Әбдінабиұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! ХХІ ғасырда әлемдік экономиканың дамуы көші-қон процестерінің жандануымен ерекшеленіп отырғаны баршамызға белгілі, ал еңбек көші-қоны қазіргі заманғы еңбек нарығының ажырамас атрибутына айналды.

Халықаралық еңбек ұйымының басым бағыттарының бірі – еңбекші көшіп-қонушыларды қорғау. Және оның Жарғысында «шетелде жалданып жұмыс істейтін еңбекшілердің мүдделерін қорғау» деген үндеу бар.

Бүгінде еңбек көші-қоны және еңбек нарығының ұтқырлығы күрделі процесс екені анық. Бір жағынан олар жұмыс күшінің жасаруына ықпал етеді, жұмыс күші тапшы салалардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, екінші жағынан лайықты еңбек тапшылығын қиындатып, ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық салдарлар тудыруы мүмкін.

Осындай факторлардың бірі – жұмысқа орналасқан елінде еңбекші көшіп-қонушылар тапқан ақшаларын, оның қозғалысын есепке алу. Бұл жағдайда біздің елімізде тапқан және одан тысқары жерлерге әкетілетін осындай ақша қаражатын толық есепке алу жүзеге асырылмай отыр.

Бүгінгі күні табыс көзін ескермей, шетелге жеке тұлғалар арасындағы барлық ағымдағы өтеусіз аударымдарды қамтитын «жеке трансферттерді» ғана есепке алу жүргізіледі.

Мәселен, өткен жылдың тоғыз айында ғана 760 миллион АҚШ долларына барабар ақша қаражаты аударылды, оның ішінде 108 миллион АҚШ долларынан астамы Өзбекстан Республикасына жіберілген. Бұл менеджментті дұрыс пайдаланған жағдайда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етуі мүмкін ақша қаражатының үлкен ағыны.

Біздің ойымызша, жауапты мемлекеттік органдар осы мәселені жан-жақты зерттеп, қажетті шаралар қабылдауы тиіс.

Негізінде қаралып отырған келісім ұлттық заңнаманың екі елдің еңбек көші-қоны процестерін реттеу саласында қолданылатын нормаларын бекітеді.

Оны іске асыру еңбекші көшіп-қонушыны қабылдайтын тараптың заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Келісімді ратификациялау екі ел арасындағы еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және еңбекші көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге ықпал ететінін ескере отырып, талқыланып жатқан заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын..

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 102. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шабоинара.*